

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 28 желтоқсан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Аққожина Бибігүл Бүркітқызының ант беруі туралы.

Өздеріңізге белгілі, 20 желтоқсанда Қостанай облысында өткен сайлауда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып Аққожина Бибігүл Бүркітқызы сайланды.

Бибігүл Бүркітқызы, сенатор болып сайлануыңызбен құттықтаймыз! Депутаттық қызметіңізге табыс тілейміз!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, конституциялық нормаларға сәйкес жаңадан сайланған депутат Палата отырысында ант беруге тиіс. Сондықтан ант беру рәсіміне көшейік.

Ант беру үшін мінбеге Аққожина Бибігүл Бүркітқызы шақырылады.

АҚҚОЖИНА Б.Б. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін!

ТӨРАҒА. Рақмет, Бибігүл Бүркітқызы. Елдік мүдде жолында нәтижелі еңбек етесіз деп сенеміз. Орныызға отырсаңыз болады.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі екінші мәселе Сенат депутаты Аққожина Бибігүл Бүркітқызын Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының тұрақты комитетінің құрамына сайлау туралы.

Бибігүл Бүркітқызы Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің құрамында қызмет етуге өтініш білдірді. Қарсылықтарыңыз жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

Аққожина Бибігүл Бүркітқызын Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің құрамына сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2002 жылғы 7 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының Жарғысына өзгерістер енгізу туралы төртінші хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Қыдырәлі Дархан Қуандықұлына беріледі.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! Бүгінгі Сенат отырысына «2002 жылғы 7 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының Жарғысына өзгерістер енгізу жөніндегі төртінші хаттаманы ратификациялау туралы» Заң ұсынылып отыр.

Жарғыға өзгерістер енгізу туралы төртінші хаттамаға 2022 жылғы 26 тамызда қол қойылған. Хаттама жарғының 8 және 17-баптарына толықтырулар енгізуді көздейді.

Біріншіден, жарғының 8-бабына ұйымға мүше мемлекеттерге биологиялық қауіпсіздік саласындағы өзара іс-қимылды кеңейтуге мүмкіндік беретін өзгерістер енгізіледі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2020 жылы COVID-19 коронавируc пандемиясын жариялауына байланысты ұйымға мүше мемлекеттер биологиялық қауіпсіздік саласындағы өзара іс-қимыл мәселелерін пысықтауды бастады. Атап айтқанда, ұйым шеңберінде биологиялық және пандемиялық қатерлердің алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл саласындағы қызмет пен ынтымақтастықты үйлестіру мақсатында ұйымға мүше мемлекеттердің биологиялық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарының үйлестіру кеңесі құрылды. Осыған байланысты ұйым жарғысын биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша ынтымақтастықты қосу туралы нормамен толықтыру көзделеді.

Бұдан басқа ұйым жарғысының 17-бабына ұйымның Сыртқы істер министрлері кеңесінің ұсынымына сәйкес және ұйымның Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің шешімі

бойынша ұйымның Бас хатшысының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға мүмкіндік беретін толықтыру енгізіледі.

Ұйымның нормативтік құқықтық базасында Бас хатшыны мерзімінен бұрын босату тәртібі реттелмегенін атап өту керек. Бұл жағдай 2018 жылы Бас хатшы өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылғанда айқын аңғарылды.

Халықаралық ұйымдардың тәжірибесінде бірқатар себептерге байланысты бас әкімшілік лауазымды адам өз орнын мерзімінен бұрын босататын жағдайлар туындайды, мысалы, жеке жағдайларға байланысты өз қалауы бойынша босайды немесе оны жіберуші мемлекет кері қайтарып алады.

Құрметті әріптестер! Өздеріңізге белгілі, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ұйымға төрағалық ету кезегі Қазақстанға өтеді. Таяуда Минскіде өткен ұйымның Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан төрағалығы кезінде ұйым қызметі бойынша басым бағыттарды айқындап берді. Сондықтан заңның қабылдануы ұйымға мүше мемлекеттердің өзара іс-қимыл аясын кеңейтуге және мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік береді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінің заң бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Аталған заңның маңыздылығын ескере отырып, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті «2002 жылғы 7 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының Жарғысына өзгерістер енгізу туралы төртінші хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дархан Қуандықұлы.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрақтарым Сыртқы істер министрлігіне.

Қарастырылып отырған заңда Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының жарғысына енгізілген түзетулерге сәйкес Бас хатшының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімді Сыртқы істер министрлер кеңесінің ұсынымы бойынша кеңес қабылдайды. Осыған байланысты менің сұрақтарым бар.

Бірінші сұрақ. Бұл толықтырулар немен байланысты?

Екінші сұрақ. Неліктен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы жарғысының 17-бабында Бас хатшы мерзімінен бұрын босатылатын жағдайлардың тізбесі бекітілмеген? Осыған түсінік бере кетсеңіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сыртқы істер министрінің орынбасары Қоныспаев Ермұхамбет Болатпекұлы, жауап беріңіз.

ҚОНЫСПАЕВ Е.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Сүйіндік Тасеменұлы, сұрағыңызға рақмет.

Рұқсат болса бірінші сұраққа жауап берейін. Ұйымның жарғысын толықтыруға Армения Республикасының өзінің өкілін Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Бас хатшысы қызметінен қайтарып алу жөнінде 2018 жылы өтініш жібергені себеп болды. Бұндай өтініш кезінде ұйымның нормативтік-құқықтық базасында Бас хатшының өкілдігін мерзімінен бұрын тоқтату процесін реттейтін норма болған жоқ. Болашақта осындай жағдайлар қайталанған кезде осы норманы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы жарғысында бекітудің арқасында мүше мемлекеттер арасында даулы мәселелер туындамайды.

Екінші сұраққа келетін болсақ, бұл мәселе тараптардың арасында жан-жақты қарастырылды, тараптар тізімді бекітудің қажеті жоқ деген келісімге келді. Себебі өмірде әртүрлі жағдайлар болады (қайтыс болу, зейнеткерлік жасқа толу, сырқаттану және топ бойынша өзгеріс), бұндай мәселелерді бір тізімге енгізу мүмкін емес. Сондықтан кезінде осындай шешім қабылданған болатын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің де сұрағым Сыртқы істер министрлігіне.

Қарастырылып отырған төртінші хаттамаға сәйкес мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылының негізгі бағыттарына биологиялық қауіпсіздік қосылады. Сұрақ осыған байланысты.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының қызметіне биологиялық қауіпсіздікті енгізудің себептерін білсек дейміз, сондай-ақ өзара іс-қимыл саласы осы ұйым жарғысының 3-бабында айқындалған мақсаттарға сай келе ме? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

ҚОНЫСПАЕВ Е.Б. Құрметті Сәкен Қаланұлы, сұрағыңызға рақмет.

Жалпы өздеріңізге мәлім болғандай, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2020 жылы COVID-19 пандемиясын жариялауына байланысты Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттер 2021 жылы биологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік саласындағы өзара іс-қимыл мәселелерін пысықтауды бастады.

Осыған орай ұйым шеңберінде биологиялық және пандемиялық қатерлердің алдын алу және оларға іс-қимыл саласында қызмет пен ынтымақтастықты үйлестіру мақсатында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің биологиялық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарының үйлестіру кеңесі құрылды. Дегенмен жаңа үйлестіру органының жұмыс істеуі үшін ұйымның жарғысына өзгерістер енгізу, атап айтқанда, биологиялық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі өзара іс-қимылды жарғының ынтымақтастық бағыттарының қатарына қосу қажет болған. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Карплюк Сергей Алексеевичке беріледі.

КАРПЛЮК С.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сағатханұлы.

У меня два вопроса касательно биологической безопасности.

Первый вопрос к Министерству здравоохранения. Уважаемая Айжан Серикбаевна, в целом толкование слов «биологическая безопасность» имеет довольно широкое понятие. В свою очередь, хотелось бы уточнить, насколько был изучен вопрос его практического применения при ратификации данного протокола?

Второй вопрос к Министерству иностранных дел. Уважаемый Ермухамбет Болатпекевич, 12 апреля 2022 года в Женеве состоялась международная конференция, посвященная инициативе Главы нашего государства по созданию Международного агентства биологической безопасности.

В этой связи на сегодня что было сделано вашим министерством по реализации этого направления? Спасибо.

ТӨРАҒА. Денсаулық сақтау вице-министрі Есмағамбетова Айжан Серікбайқызы, алдымен сіз жауап беріңіз.

ЕСМАҒАМБЕТОВА А.С. Спасибо за вопрос, Сергей Алексеевич.

Термин биологической безопасности широко вошел в обиход в период пандемии COVID. В этот период практически во всех странах ОДКБ были приняты нормативные правовые акты, регулирующие деятельность в области биобезопасности, в ряде стран были приняты законы о биобезопасности, в ряде стран – концепции о биобезопасности, у нас был принят Закон «О биологической безопасности Республики Казахстан».

Во всех этих документах четко дано понятие термина «биологическая безопасность». При этом понятно, что термин, возможно, написан разными словами, но по своей сути они все тождественны.

Если говорить о вопросах биобезопасности, что они предполагают в первую очередь готовность страны реагировать на биологические угрозы в сфере внешней и внутренней угрозы, развитие инфраструктуры биобезопасности, оперативное реагирование на внешние и внутренние угрозы, развитие фармацевтического и ветеринарного рынка. То есть в целом готовность страны мобилизовать свои усилия и быстро выпускать систему для диагностики, иммунобиологические препараты, вакцины и другое, конечно, вопросы подготовки кадров.

По сути, включение в состав ОДКБ предполагает взаимодействие со странами ОДКБ по всем вопросам, это и подготовка кадров, и проведение научно-исследовательских работ, и совместное реагирование, и разработка нормативных правовых актов. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Ермұхамбет Болатпекұлы, екінші сұраққа жауап беріңіз.

ҚОНЫСПАЕВ Е.Б. Рақмет, Маулен Сағатханұлы.

Уважаемый Сергей Алексеевич, спасибо за вопрос. Действительно, в сентябре 2020 года в рамках 75-й сессии Генеральной Ассамблеи Организации Объединенных Наций Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Кемелевич Токаев выдвинул инициативу о создании Международного агентства по биологической безопасности.

Министерство иностранных дел уделяет приоритетное внимание и придает важное значение продвижению данной инициативы в работе с международными партнерами, в том числе на площадках профильных международных организаций.

Хотелось бы отметить, что данная инициатива была положительно воспринята международным сообществом, нашла поддержку среди многих государств – членов Организации Объединенных Наций.

На сегодня нами разработана концепция агентства и проект устава. Данные документы были распространены среди всех стран – членов Организации Объединенных Наций.

В целом хотелось бы отметить, что миссия агентства в целом заключается в обеспечении мер безопасности и контроля, связанных с потенциальными биологическими и биотехнологическими угрозами. В будущем согласно концепции агентства и проекту устава работа агентства будет направлена на предотвращение использования биотехнологических разработок в военных целях и содействие биологическим разработкам в мирных целях.

Как я отметил, продвижение данной инициативы Главы государства является приоритетной задачей. Поэтому работа по данной линии проводится как в многостороннем формате, так и в двустороннем, в том числе и в рамках Конвенции о запрещении биологического и токсинного оружия.

Большое количество сайд-ивентов было проведено на площадках различных мероприятий, в том числе упомянутой Сергеем Алексеевичем международной конференции в Женеве. Также вопрос о поддержке данной инициативы нашел отражение в ряде документов, которые были приняты на международных площадках.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Дархан Қуандықұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Ершов Сергей Михайловичке беріледі.

ЕРШОВ С.М. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые коллеги! На ваше рассмотрение представлен Закон «О ратификации Четвертого протокола о внесении изменений в Устав Организации Договора о коллективной безопасности от 7 октября 2002 года».

Целью Организации Договора о коллективной безопасности является укрепление мира, международной и региональной безопасности и стабильности, защита на коллективной основе независимости, территориальной целостности и суверенитета государств-членов.

В настоящее время очевидно, что Организация Договора о коллективной безопасности имеет особую актуальность в условиях биологической и санитарно-эпидемиологической безопасности. В связи с этим предложенные поправки несут концептуальный характер и дают дополнительный импульс дальнейшему укреплению и развитию системы коллективной безопасности на базе Организации Договора о коллективной безопасности.

Необходимо подчеркнуть, что данные изменения позволят устранить правовые коллизии в Уставе ОДКБ и регламентировать порядок досрочного освобождения Генерального секретаря данной организации.

Как вы знаете, мы в начале сессии ратифицировали ряд международных договоров в рамках ОДКБ, направленных на оказание правовой помощи и взаимодействие в сфере материально-технического, а также медицинского обеспечения. Убежден, что вся эта работа по совершенствованию правовой базы деятельности ОДКБ станет основой для эффективной деятельности Казахстана непосредственно в рамках председательствования с 1 января 2024 года.

На основании вышеизложенного, уважаемые коллеги, я полностью поддерживаю данный закон и призываю вас поддержать его.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық. «2002 жылғы 7 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының Жарғысына өзгерістер енгізу туралы төртінші хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті сенаторлар! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы Шайдаров Серік Жаманқұлұлына беріледі.

ШАЙДАРОВ С.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында

берілген тапсырмасын қажетті құралдарды шоғырландыра отырып экспортты толығымен ілгерілету институтын құру бөлігінде орындау мақсатында әзірленді.

Заң Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындайтын, заңды тұлға болатын, арнайы құқықтық мәртебесі бар экспорттық-кредиттік агенттік (бұдан әрі – ЭКА) құруға бағытталған. ЭКА 100 пайыз мемлекет қатысатын акционерлік қоғам нысанында жұмыс істейтін болады.

Заңмен ЭКА мынадай қызмет түрлерін көрсететін болады:

- 1) экспорттық кредиттерді, инвестицияларды және экспортқа байланысты өзге де мәмілелерді лицензиясыз ерікті сақтандыру және қайта сақтандыру;
- 2) шартты салымдар арқылы экспорт алдындағы және экспортты қаржыландыру;
- 3) өңдеуші өнеркәсіптің отандық жоғары технологиялық тауарлары мен қызметтерін шетелдік сатып алушыларға сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау кезінде қаржы агентінің функциялары;
- 4) экспорттық мәмілелерді орындау шеңберінде кепілдік беру;
- 5) экспорттаушыларға шетелдік контрагенттермен дауларды реттеу үшін ақпараттық-консультациялық қызметтер көрсету, тағы басқа қызмет түрлері.

Барлық қаржы құралдарын ЭКА бюджет және өз қаражаты есебінен іске асыратын болады. Сонымен қатар заңда ЭКА-ны «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның реттеуінен және қаржы реттеушісінің бақылауынан және қадағалауынан шығару қаралған.

Заңға сәйкес ЭКА Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің сұрауы бойынша ақпаратты, оның ішінде қызметтік, коммерциялық, сақтандыру және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді беретін болады. Сондай-ақ «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңға енгізілген өзгерістермен ЭКА-ны қаржы мониторингі субъектілеріне жатқызу ұсынылады.

Өкілдік ететін Сауда және интеграция министрлігі Ұлттық экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен келісу бойынша ЭКА қызметін реттеу туралы нормативтік-құқықтық актілерді қабылдайтын болады.

Заңда пруденциалдық нормативтерді бақылау және қадағалау, ден қою шаралары мен санкциялар жөніндегі нормалар көзделмейді.

Құрметті әріптестер! Сенаттың тұрақты комитеттерінің осы заң бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Баяндалғанды ескере келе Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Қалтаева Ләззат Молдабекқызына беріледі.

ҚАЛТАЕВА Л.М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресованы к Министерству торговли и интеграции.

Закон направлен на создание специального правового статуса экспортно-кредитного агентства (ЭКА), который позволит централизовать основные меры поддержки и развития несырьевого экспорта в ЭКА, в интересах отечественных экспортеров взаимодействовать с отечественными и иностранными финансовыми организациями и ЭКА.

Закон позволит вывести «KazakhExport» из-под регулирования Закона «О страховой деятельности» и финансового регулятора в лице Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка.

При этом принятие закона позволит расширить инструменты финансовой поддержки экспортеров по гарантированию экспортных операций, субсидированию ставки торгового финансирования и исключению ограничения на введение дополнительных функции ЭКА.

Первый вопрос. Какие отечественные товаропроизводители будут получать поддержку со стороны государства?

Второй вопрос. В случае если они ранее получали эту поддержку, будет ли им дополнительно оказана помощь со стороны государства?

ТӨРАҒА. Сауда және интеграция вице-министрі Төребаев Қайрат Қалмұқаметұлы, жауап беріңіз.

ТӨРЕБАЕВ Қ.Қ. Уважаемый Маулен Сағатханұлы, уважаемая Ляззат Молдабековна! Вопрос абсолютно правильный. Сейчас расширяются меры поддержки по созданию этой организации, ими будут пользоваться, как и прежде, все компании в Казахстане, которые занимаются производством высокотехнологичной и переработанной продукции, отправляют ее на экспорт. Мы здесь никак не дифференцируем компании. У нас имеются как мелкие, так и средние предприятия в портфеле клиентов, и мы планируем в рамках создания ЭКА продолжить такую практику, поддерживать все казахстанские предприятия, которые обращаются самостоятельно в эту организацию. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичке беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы. Менің сұрағым да Сауда және интеграция министрлігінің өкіліне.

Талқыланып отырған заңға сәйкес Экспорттық-кредиттік агенттіктің қызметі бюджет қаражаты және өз қаражаты есебінен көрсетілетін болады. Осыған байланысты келесі сұрақтар туындайды.

Бюджет қаражатының үлес салмағы және тиісінше агенттіктің меншікті қаражатының көлемі қандай болады?

Екінші сұрақ. Сауда және интеграция министрлігі Экспорттық-кредиттік агенттіктің шикізаттық емес экспорттаушыларға көрсететін мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру нәтижелері бойынша қандай әсерді болжайды және республикалық бюджетке бұдан түсімдер бола ма?

Осы екі сұраққа жауап берсеңіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

ТӨРЕБАЕВ Қ.Қ. Құрметті Алишер Гапиржанович! Негізгі мәселе, қазіргі кезде «KazakhExport» компаниясының қаржысы екі бөліктен тұрады. Біріншісі – өзінің меншіктік капиталы, ол 113 миллиард теңге және екіншісі – мемлекеттік кепіл 412 миллиард теңге. Осыларды қосқандағы 525 миллиард теңгемен олар кепілдендіру және сақтандыру істерімен айналысады және осы барлық капиталмен экспортерлерге көмек көрсетіп жатыр.

Кешіріңіз, екінші сұрақ қандай?

ТӨРАҒА. Бюджетке қанша қаражат түседі деген сұрақ болды.

ТӨРЕБАЕВ Қ.Қ. Қазіргі кезде компания «Бәйтерек» ұлттық басқару холдингі» акционерлік қоғамының ішінде. Бұл капитал «Бәйтерек» ұлттық басқару холдингі» акционерлік қоғамына және бюджетке түсіп жатыр. Бұл компания пайдасы бар компания, 2003 жылдан бері мемлекетке тек пайда әкеліп жатыр. Әр жылы көрсеткіштер әртүрлі. Болашақта қандай көрсеткіштер болатынына жазбаша түрде жауап беруге рұқсат етіңіздер, өйткені оны математикалық ретпен санау керек.

ТӨРАҒА. Жақсы. Нақты болжанған пайдаларды, осы компанияның алдағы жылдарда мемлекетке төлейтін барлық қаражаттарын санап, цифрларын Алишер Гапиржановичке жазбаша түрде берерсіз.

Құрметті әріптестер, сұрақ қою үшін келесі сөз депутат Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрақтарым Сауда және интеграция министрлігінің өкіліне.

Сіздің ведомствоңыз ұсынған «Kazakhexport» АҚ қызметінің көрсеткіштеріне сәйкес «Бәйтерек» ұлттық басқару холдингі» акционерлік қоғамына төленген дивидендтер 2020 – 2022 жылдар аралығында 4,6 миллиард теңгені құрады. Ал «Kazakhexport» АҚ төлеген салық 1,9 миллиард теңгені құрады, бұл дивидендтерге қарағанда үш есеге жуық аз.

Осыған орай дивидендтердің мөлшерін анықтаудың қандай әдістемесі қолданылғанын және төленетін дивидендтерді есептеу қаншалықты ашық екенін түсіндіріп берсеңіз.

Екінші сұрақ. Бюджетке түсетін салық сомасының төленген дивидендтен үш есе аз болу айырмашылығын қалай түсіндіре аласыз? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қайрат Қалмұқаметұлы, жауап беріңіз.

ТӨРЕБАЕВ Қ.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Советбек Тұрсынұлы! Негізі бұл сұрақ Қаржы министрлігіне және Ұлттық экономика министрлігіне бағытталуы керек. Өйткені біз бұл компанияның қаржылық мәселесімен айналыспаймыз. Бұл сұраққа да жазбаша жауап беруге рұқсат етіңіздер. Өйткені бұл жерде салық мәселесі, өкінішке қарай, біздің министрлікте емес.

ТӨРАҒА. Бұл жерде тек салық қана емес, дивиденд мәселесін көтеріп жатыр ғой біздің әріптесіміз. Қайрат Қалмұқаметұлы, жалпы осындай отырысқа дайындалып келу керек. Осының алдында Алишер Гапиржановичтің сұрағына да жазбаша жауап беремін деп жатырсыз, содан кейін жаңағы сұраққа да бұл маған қатысты емес деп жатырсыз. Сіз осы мәселеге байланысты баяндамашылардың бірі ретінде Үкіметтен шақырылдыңыз, сондықтан әріптестеріңізбен пысықтап, дайындалып, қағаздарды, цифрларды қарап келгеніңіз дұрыс қой. Сенат деген үлкен институт, бұл жердегі адамдардың бәрі тәжірибелі, бұл жерде өндірісте де жұмыс істеген азаматтарымыз бар, өңірлерді басқарған азаматтарымыз бар. Егер сұрақтар қойылып жатса оған негіз бар. Сондықтан келесі жолы дұрысталып дайындалып, қағаздарыңыздың бәрін алып келгеніңіз абзал. Келістік қой?

ТӨРЕБАЕВ Қ.Қ. Келістік.

ТӨРАҒА. Келесі сөз депутат Большерт Евгений Андреевичке беріледі.

БОЛЬГЕРТ Е.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрақтарым Сауда және интеграция министрлігінің өкіліне арналады.

Бірінші сұрақ. «KazakhExport» АҚ-на жаңа мәртебе берілгеніне және оның өкілеттіктерінің кеңеюіне қарамастан экспорт алушыларды қолдаудың жекелеген функциялары осы агенттіктен басқа «QazTrade» АҚ және Қазақстанның даму банкі сияқты құрылымдарда сақталуда. Осыған орай шикізаттық емес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді экспорттаушыларға қолдау көрсету үшін «бірыңғай терезе» құру мақсатында аталған құрылымдарды Экспорттық-кредиттік агенттігімен біріктіруге қатысты пікіріңіз қандай?

Екінші сұрақ. Сіздің ведомство ұсынған ақпаратқа сәйкес 2020 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде мемлекеттік бюджеттен экспорттаушыларды сақтандыру, қолдаудың көлемі 600 миллиард теңгені құрады. Алайда сол кезде экспорттаушылардың төлеген салық сомасы 230 миллиард теңгені құрады, яғни үш есе кем болды. Осыған байланысты «KazakhExport» компаниясының көрсетілген кезеңдегі қызметінің тиімділігі қандай болғанын түсіндіріп берсеңіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

ТӨРЕБАЕВ Қ.Қ. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Евгений Андреевич.

Қаржылық және қаржылық емес экспорттық инструменттер бар. Қаржылық инструменттердің барлығы «KazakhExport» компаниясының, Экспорттық-кредиттік агенттіктің қарамағында шоғырландырылатын болады. «Бір терезе» қағидатын «QazTrade» АҚ және «KazakhExport» АҚ бірге атқаратын болады. Бұған дейін «KazakhExport» АҚ тек сақтандырумен ғана айналысатын, яғни кепілдендіру және экспорттық қаржыландырумен айналысу мүмкіндігі болған жоқ. Сондықтан агент ретінде Қазақстанның Даму банкі пайдаланылған болатын. Енді осы компания құрылғаннан кейін барлық қаржылық инструменттер «KazakhExport» АҚ-ның қарамағында болады және осы компания түгелімен экспорттық компаниялармен бірге жұмыс істейтін болады.

Алдыңғы екі сұраққа және қаржылық мәселе бойынша сіздің сұрағыңызға келсек, сіз дұрыс айтасыз, шамамен 600 миллиард доллар көлемінде көмек көрсетіледі. Бірақ экспорттаушыларға қолма-қол ақша берілмейді. Бұл кредит емес, тек кепілдік, яғни экспорттаушыларға көмек ретінде қаржы бөлінбейді, тек кепілдік беріледі. Сондықтан түскен 230 миллион теңге 600 миллион кепілдікке берілген ақша. Сол себепті бұл түсімді аз деп санауға болмайды, бұл түсім кепілдікке қатысты берілген салық.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Серік Жаманқұлұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Нәутиев Әлібек Ибатуллаұлына беріледі.

НӘУТИЕВ Ә.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! Өздеріңіз білетіндей, экспорт халықаралық нарықтардағы отандық тауарлар мен қызметтерге сұранысты арттыру есебінен экономикалық өсуді ынталандыруға және экономиканы әртараптандыру есебінен елдің бәсекеге қабілеттілігін, өнім сапасын арттыру және шетелдік капиталдың ағынын молайтуды қамтамасыз етеді.

2022 жылы Қазақстанның тауар айналымы 134,4 миллиард АҚШ долларын құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 32,1 пайызға жоғары, оның ішінде экспорт 39,9 пайызға өсіп, 84,4 миллиард АҚШ доллары көлемінде болса, импорттық көрсеткіштері де 20,8 пайыз өсу үрдісіне ие болып, 50 миллиард АҚШ долларын құрады. Дегенмен Сауда және интеграция министрлігінің мәліметтеріне сәйкес экспорттың жалпы көлеміндегі шикізаттық емес тауарлардың үлесі шағын, шамамен 31,4 пайызды құрап отыр.

Экспорт құрылымында әлі де болса шикізат тауарлары басым, оның негізгі бөлігі отын-энергетика секторы.

Кезінде «KazakhExport» акционерлік қоғамы экспорттаушыларды сақтандыру және қайта сақтандыру түрінде қаржылай қолдау арқылы нақ осы шикізаттық емес экспортты ілгерілету үшін құрылған болатын. Оның құрамында құрылғалы отырған Экспорттық-кредиттік агенттік ұлттық институт ретінде қалыптасып, шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету шараларын жүзеге асырмақ.

Осы заң аясында Экспорттық-кредиттік агенттікке несие мөлшерлемесін субсидиялау, экспорттық операцияларға кепілдік беру және қаржыландыру, сондай-ақ

сервистік қолдаудың жекелеген шараларын жүзеге асыру секілді жаңа функциялар берілетін болады. Сонымен қатар заң шеңберінде ЭКА «Сақтандыру қызметі туралы» Заң мен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қаржы реттеу, бақылауынан шығу мүмкіндігі берілмек.

Заңды қабылдау:

қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сыртқы нарықтарға ілгерілету жөніндегі шараларды іске асыруды қамтамасыз етуге;
жалпы ішкі өнім мен өндірістің өсуіне, жаңа жұмыс орындарын құруға;
сондай-ақ елдің шикізаттық емес экспорты көрсеткіштерінің серпінін жақсартуға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Баяндалған мәселелерге сәйкес заңның маңыздылығына күмән келтірілмейді. Дегенмен Экспорттық-кредиттік агенттіктің қызметі мен оның көрсететін мемлекеттік қолдау шаралары Сауда және интеграция министрлігі мен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің тиісті үйлестіру және бақылауы арқылы іске асырылуы тиімді болатынын атап өткен жөн.

Қадірменді әріптестер, осы заңның маңыздылығын ескере отырып, оны өзім толықтай қолдаймын және сіздерді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Жексенбай Бибигүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайыловқа.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Ата заңымыз Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында жазылғандай, Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі. Бірақ елімізде жыл сайын жол апатынан екі мыңға жуық қазақстандық ажал құшып отыр. Оның ішінде соңғы бес жылда бір мың бір жүзден аса жасөспірім қайтыс болған. 2023 жылдың он айында 11 мың 618 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Бұл Орталық Азия елдері бойынша ең жоғарғы көрсеткіш. Өткен аптада Алматы қаласында автобус жүргізушісіне жасалған шабуылдың кесірінен аялдамадағы үш адам,

соның ішінде төрт баланың ата-анасы, ерлі-зайыпты ұстаздар қайтыс болды. Бұл жол-көлік оқиғасы еліміздің мегаполистеріндегі шешілмей келе жатқан бірқатар өткір мәселелерді көрсетіп отыр.

Қоғамдық көліктерде қауіпсіздік мәселесі мүлде қарастырылмаған. Аялдамалардың көпшілігі көлік жолына тым жақын орналасқан. Мегаполистерде қоғамдық көлік тапшылығы аса өткір болып отыр. Еңбек ресурстарын дамыту орталығының мәліметі бойынша 2030 жылға қарай халық саны Астанада 33 пайызға, яғни 1,7 миллион адамға, Алматыда 20 пайызға – 2 миллион 466 мың адамға, Шымкентте 32 пайызға – 1,5 миллионға дейін өседі. Бұл ел халқының төрттен біріне жуығы осы мегаполистерде шоғырланады деген сөз. Қазірдің өзінде аталмыш қалалардағы халықтың едәуір бөлігі шет аймақтарда, жеке сектормен қосылған аудандарда тұрады, мұнда мектептер мен балабақшаларда орын тапшылығы жоғары. Адамдар балаларын мектепке жеткізу үшін қоғамдық және жеке көлікпен қаншама шақырым жүруге мәжбүр. Сондықтан бұл қалалардағы өзге мәселелермен қатар қоғамдық көлік тапшылығы және жол кептелістері үлкен проблемаға айналды. Тіпті жедел жәрдем көліктерінің кептелісте сағаттап тұрып қалатын кездері де бар.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше 2023 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Қазақстанда тіркелген көлік саны 5 миллион 216,1 мың, оның ішінде 80 пайызы жеңіл автомобильдер, 9,9 пайызы жүк көліктері және тек 2,1 пайызы ғана автобустар екен. Жеңіл автокөліктер саны күн сайын еселеп көбейіп жатыр.

Жол апатына қатысты тағы бір фактор, біздің жан басына шаққандағы жол-көлік оқиғаларының саны әлем бойынша орташа болғанмен, автокөліктердің тым ескі болуы, тіпті көп жағдайда қауіпсіздік жастықтарының да жоқтығы өлім-жітімнің жоғары болуына әкеліп отыр.

Мамандардың есебіне қарағанда кез келген елде кептелістен зардап шегетін көлік жүргізушілері. Сарапшылар пікірінше олар жылына жол кептелістеріне 360 сағатқа дейін немесе 45 жұмыс күніне дейін уақыт құртады екен. Онымен қоса кептелісте жиі әрі ұзақ тұру жанармай шығыны ғана емес, жүйкеге салмақ, қан қысымын көтеру, сондай-ақ бөлінетін улы газдан өкпе ауруларының туындауына әкеліп соғады. Қазақстандық автокөліктердің 82,1 пайызы бензинмен жүреді. Сондықтан мегаполистердегі қазіргі жол кептелістері қатардағы жергілікті мәселелер деңгейінен шығып кетті.

Қорытындылай келе осы орайда келесі шараларды қолға алуды ұсынамын:

халқы жылдам өсіп жатқан қалалардың орталықтары мен шеткері аймақтары бойынша зерттеу мен сараптамаларды күшейту және сауда-қызмет, білім беру, бизнес, демалыс орындарын халық тығыздығына қарай біркелкі орналастыруды қатаң бақылау;

қала қозғалысын басқарудың бірыңғай орталықтан автоматты басқару және «ақылды» бағдаршамдар жүйесін енгізу;

маршруттардың, қоғамдық көлік бөлімшелерінің санын көбейту, оларға арнайы жолақтарды көбейту және қоғамдық көлік сапасы мен қауіпсіздігін күшейту;

автопарктердің көмегімен қызмет көрсетудің жоғары деңгейлі стандарттарын белгілеу;

транзиттік ағынды қаланың ішкі көлік ағынынан ажырату үшін жолдарды жеке деңгейде салу;

сарапшылар пікірін ескере отырып, бәлкім, халықаралық тәжірибелерді де ескере отырып белгілі бір уақытта кептеліс аймақтарында ақы алуды да қарастыру қажет болар; көлік кептелісі проблемаларын шешуде жол қозғалысын реттеу жөніндегі жергілікті уәкілетті органның рөлі және жеке компаниялардың жауапкершілігін күшейту.

Депутаттық сауалдың толық мәтіні жазбаша жолданады.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Сізден осы мәселе бойынша жоғарыда ұсынылған тиісті іс-шараларды қабылдап, маған жазбаша жауап жолдауыңызды сұраймыз». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайылов Әлихан Асханұлына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Жақында жоғары оқу орындарына түсу үшін орта мектеп оқушылары ақылы негізде Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға өтініштерін беретін болады.

Білім беру саласында жүргізілген реформалар аясында түлектердің орта мектептерде мемлекеттік қорытынды емтихан тапсыруы, ал Ұлттық бірыңғай тестілеу жоғары оқу орнына түсу емтиханы ретінде белгіленуі ұстаздарды, оқушыларды тестке дайындаудан толығымен босатты. Соңғы жылдары Қазақстанның барлық өңірлерінде Ұлттық бірыңғай тестілеуге, «Назарбаев Зияткерлік», Республикалық физика-математика мектептеріне, «Білім инновация» лицейлеріне оқуға түсуге даярлайтын жеке репетиторлық немесе білім беру орталықтарының саны күрт өсті. Алайда бұл салада бізді алаңдататын кейбір мәселелер бар.

Бірінші. Аталған орталықтардың қызметі кәсіпкерлік субъектісі ретінде қарастырылады. Сол себепті олардың жұмысы тиісті министрліктер тарапынан бақылауға алынбайды. Ал орталықтар бірінші кезекте білім беру мекемесі, яғни оны қадағалайтын уәкілетті орган болуы керек. Осыған орай білім беру орталықтарының жұмысын, репетиторлық қызметті мемлекет тарапынан реттейтін кез келді.

Екінші. Талапкерлер мен оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі. Орталықтарда 15-20 адамнан тұратын топтарда екі-үш ауысымда оқиды, білім беру процесі 200 немесе одан да көп балаға ұйымдастырылған. Кейбір білім беру орталықтары бейімделген үй-жайларда орналасқан. Осы ұйымдарда оқушылардың санитариялық жағдайы, топтардағы балалардың саны, нормаларының сақталуы, үй-жайдың санитариялық-эпидемиологиялық нормаларға, жиһаздар мен өзге де жабдықтардың жас талаптарына сәйкестігі тікелей қамтамасыз етіледі және оны кім бақылайды?

Үшінші. Өкінішке қарай, Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті жақында жүргізген арнайы тексерісінде өтелмеген және алынбаған соттылығы бар басқа да ауыр қылмыстар жасаған сексеннен аса адамның орта мектептерде жұмыс істегені анықталып, тоқтатылды.

Жоғарыда аталған жағдайлар мемлекет тарапынан бақылауда тұрған білім мекемелерінде орын алғанда репетиторлық қызмет көрсететіндер мен орталықтарда,

мектептен тыс спорт секцияларында, мәдени-өнер үйірмелерінде, басқа дамыту ұйымдарында педагогтарды іріктеу және қабылдау қалай жүзеге асырылады деген сұрақ туындайды.

Сонымен қатар білім беру қызметтерінің зайырлылығына кім кепілдік береді? Балалар арасында психоэмоционалды жағдай қалай қамтамасыз етіледі, кәмелетке толмағандардың өздері немесе оларға қатысты зорлық-зомбылық немесе басқа да құқық бұзушылық фактілеріне жол берілмейді ме?

Төртінші. Қазақстанда орталықтардың білім беру қызметі төрт пән бойынша айына 130 мың теңгеден жоғары және дайындық үш айдан тоғыз айға дейін жүргізіледі. Осыған байланысты заңды мәселе туындайды. Бағаны кім белгілейді және кім реттейді? Әрине, нарық. Егер нарық реттесе, онда қызметтің регламенті мен стандарттарын кім бекітеді? Қосымша білім беру орталықтарының бағдарламасын, ішкі тәртібін, сабақ кестесін кім қадағалайды?

Түлектердің негізгі бөлігі тек мектепте білім ала отырып, Ұлттық бірыңғай тесттің шекті балын жинай алмайтынын түсініп, орталықтарда қосымша оқуға баруға мәжбүр болады. Мектеп түлектері бүкіл сыныппен репетиторға баратын болса мектептегі үлгерім деңгейі қандай болмақ? Ал ауыл мектептеріндегі жағдайға келетін болсақ, мүлдем қынжылтады, бір ұстаз сабақ та береді, репетитор да болады.

Ұстаз мәртебесін бердік, еңбекақыларын көбейттік, ал жауапкершілік қайда? Ұлттық бірыңғай тест орталықтарындағы оқушылардың үлгерімінің мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім сапасына қаншалықты қатысы бар?

Бесінші. Орта мектептерде мұғалімдердің құзыретін әкімшілік қатаң бақылайды және арнайы пәндік білімі бар, педагогика мен психология негіздерін меңгерген мамандар жүзеге асырады.

Орталықтарда негізгі және қосымша жұмыс ретінде тәжірибелі мұғалімдермен қатар дайындық деңгейлері әртүрлі жоғары курс студенттері, тренерлер қызмет көрсетуде. Олардың басты мақсаты – күнделікті тесттік сұрақтарды жаттату, ал білім сапасы мен тәрбие жұмысы екінші орында. Ең өкініштісі, Ұлттық бірыңғай тест орталықтарының ешқайсысы нәтижеге кепілдік бермейді.

Иә, репетиторлық қызмет көрсету нарығы болуы қажет. Алайда Конституцияға сәйкес балалардың қауіпсіздігіне, біліміне, денсаулығына мемлекет кепілдік беру керек.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, аталған білім беру орталықтарының, мекемелердің жеке репетиторлық қызметін реттеудің заңды негіздемелерін әзірлеулеріңізді сұраймыз.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Депутаттық сауалдың толық нұсқасы сізге жолданады және жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша толық жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Сенат депутаттары Ғ. Сарыбаев, Ж. Асанова, С. Дүйсембинов, Н. Жүсіп, А. Сатвалдиев, А. Толамисов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа депутаттық сауалдар жоқ.

Құрметті әріптестер! Бүгін Сенаттың биылғы қорытынды отырысын өткіздік. Санаулы күндерден кейін жаңа 2024 жылға қадам басамыз. Өтіп бара жатқан жыл еліміз үшін саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларда өзгерістерге толы болды.

Президентіміз бастаған конституциялық реформалар аясында нағыз саяси жаңғыру жылы болды деп ауыз толтырып айта аламыз.

Парламентке қатысты енгізілген конституциялық өзгерістер биыл қолданысқа енді. Конституциялық реформаның нәтижесінде Парламент палаталарының рөлі мен ықпалы артты. Заң шығару процедурасы өзгеріп, заң жобалары жаңа тәсілмен қарала бастады.

Жыл басында Мемлекет басшысының Жарлығымен Сенаттың он депутаты тағайындалды. Оның бесеуі алғаш рет Қазақстан халқы Ассамблеясынан ұсынылды. Сондай-ақ өңірлерімізде Сенат депутаттарының кезекті сайлауы өтіп, қатарымыз айтарлықтай жаңарды. Сонымен қатар қаңтарда Президентіміздің Жарлығымен Парламент Мәжілісі таратылды. Сенат екі ай Парламенттің міндетін абыроймен атқарды.

Жалпы, биыл Парламент 92 заң қабылдады. Қабылданған заңдар еліміздің саяси және орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде. Олардың ішінде сот жүйесі, прокуратура қызметі, сондай-ақ әкімшілік реформа мәселелері бойынша конституциялық заңдар бар.

Жаңа Әлеуметтік кодекс қабылданғанын ерекше атап өтуге болады. Сонымен қатар заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару, қоғамдық бақылау сияқты бірқатар аса маңызды заңдар қабылданды. Өткен айда 2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы негізгі қаржылық құжатымызды бекіттік.

Заң шығару қызметімен қатар Сенаттың тұрақты комитеттері Палата жоспарына сәйкес бірқатар маңызды іс-шаралар ұйымдастырды. Өңірлік саясат, сондай-ақ азаматтық қорғау жүйесін жетілдіру мәселелерін талқыға салып, екі парламенттік тыңдау өткіздік. Сонымен қатар Сенат қабырғасында 6 «үкімет сағаты», 80-нен астам «дөңгелек үстел» мен көшпелі отырыстар өтті. Маңызды мәселелер бойынша Үкіметке 180-ге жуық депутаттық сауал жолданды.

Сенат жанында бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан консультативтік-кеңесші органдармен қатар жаңа алаңдар да құрылды. Бұл қатарда Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен құрылған «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобы бар.

Орнықты даму саласындағы парламенттік комиссия ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізіп келеді.

Инклюзия жөніндегі кеңес пен Сенаттың Жобалық кеңесі өз тиімділігін көрсетуде.

Палатаның халықаралық қызметі де ауқымды шаралармен ерекшеленді. Ақпан айында Түркістанда Орталық Азия мемлекеттерінің бірінші Парламентаралық форумын жоғары деңгейде өткіздік.

Каир қаласында ұлы бабамыз Бейбарыс Сұлтанның мешітінің ашылу рәсімі мен оның 800 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция да өте жоғары деңгейде өтіп, оған біздің депутаттарымыз қатысты.

Әлемде орын алған шиеленісті ахуалға қарамастан қазан айында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі хатшылығының ХХІ отырысы мазмұнды әрі нәтижелі өтті.

Осы аталған маңызды халықаралық іс-шаралардың басы-қасында өздеріңіз болып, табысты өтуіне белсенді үлес қостыңыздар. Биылғы іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізгендеріңіз үшін және нәтижелі заң шығару қызметі үшін баршаңызға және Сенаттың Аппаратына ризашылығымды білдіріп алғыс айтамын.

Құрметті сенаторлар! Жыл аяқталғанмен депутаттық қызметіміз жалғаса бермек. Ертеңнен бастап сіздердің өңірлерге сапарларыңыз басталады. Сапар барысында тұрғындарды алаңдатқан өзекті мәселелерге баса мән беруіміз керек. Халыққа қабылданған заңдардың маңызын кеңінен түсіндірген абзал. Осы жолдағы жұмыстарыңыз сәтті болсын!

Құрметті әріптестер! Баршаңызды келе жатқан жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймын! Келер жыл еліміз үшін құтты, берекелі жыл болсын! Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, барлық істеріңізге толайым табыс тілеймін! Тәуелсіздігіміздің тұғыры нығая берсін! Бәріміз сол үшін аянбай еңбек ете берейік.

Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2023 жылғы 28 желтоқсан

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
Б.Б. Аққожинаның ант беруі туралы

О принесении присяги депутатом Сената Парламента Республики Казахстан Аккужиной Б.Б. 1

Сенат депутаты Б.Б. Аққожинаны Қазақстан Республикасы Парламенті
Сенаты тұрақты комитетінің құрамына сайлау туралы.

Об избрании депутата Сената Аккужиной Б.Б. в состав постоянного комитета Сената Парламента Республики Казахстан 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2002 жылғы 7
қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының Жарғысына өзгерістер
енгізу туралы төртінші хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан
Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Четвертого протокола о внесении изменений в Устав Организации Договора о коллективной безопасности от 7 октября 2002 года», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің
хатшысы Д.Қ. ҚЫДЫРӘЛІНІҢ баяндамасы

Доклад секретаря Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности КЫДЫРАЛИ Д.К. 2

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

АЛДАШЕВ С.Т. 3

ҚОНЫСПАЕВ Е.Б. – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің
орынбасары, заместитель Министра иностранных дел Республики Казахстан 3

АРУБАЕВ С.Қ. 4

ҚОНЫСПАЕВ Е.Б. 4

КАРПЛЮК С.А. 5

ЕСМАҒАМБЕТОВА А.С. – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
вице-министрі, вице-министр здравоохранения Республики Казахстан 5

ҚОНЫСПАЕВ Е.Б. 5

ЕРШОВ С.М. 6

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам экспортно-кредитного агентства и продвижения экспорта несырьевых товаров (работ, услуг)», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы С.Ж. ШАЙДАРОВТЫҢ баяндамасы

Доклад секретаря Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству ШАЙДАРОВА С.Ж. 7

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ҚАЛТАЕВА Л.М. 9

ТӨРЕБАЕВ Қ.Қ. – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министрі, вице-министр торгвли и интеграции Республики Казахстан..... 9

САТВАЛДИЕВ А.Г. 9

ТӨРЕБАЕВ Қ.Қ. 10

МЕДЕБАЕВ А.Т. 10

ТӨРЕБАЕВ Қ.Қ. 11

БОЛЬГЕРТ Е.А. 11

НӨУТИЕВ Ә.И. 12

Депутат Б.Н. ЖЕКСЕНБАЙДЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 13

Депутат Ғ.Т. САРЫБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата САРЫБАЕВА Ғ.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 15

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры



А. Әлиев

Стенографиялау қызметінің басшысы



Г. Молдашева